

Б.Қ. Тұрмашева, С.С. Салиш, Т.Н. Мирук

ДҮНИЕТАНУ

Жалпы білім беретін мектептің
1-сыныбына арналған оқулық

1

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған



Алматы «Атамұра» 2021

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 20.1 я 71

Т 86

**Бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған
«Дүниетану» пәнінің жаңартылған мазмұндағы
Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.**

Шартты белгілер:



Сұрақтар мен
тапсырмалар



Өздік жұмыс



Талқыла



Жұптық жұмыс



Есіңе сақта!



Топтық жұмыс



Бұл қызық!



Зертте



Біліп ал!



Абай бол!

Тұрмашева Б.Қ. т.б.

Т 86 Дүниетану: Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қ. Тұрмашева, С.С. Салиш, Т.Н. Мирук. – Алматы: «Атамұра», 2021. – 112 бет.

ISBN 978-601-331-920-9

ISBN 978-601-331-920-9

© Тұрмашева Б.Қ., Салиш С.С.,
Мирук Т.Н., 2021
© «Атамұра», 2021

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 5

I. ӨЗІМ ТУРАЛЫ

1-сабақ. Біздің мектебіміз 8

2-сабақ. Менің күн тәртібім 10

3-сабақ. Бір аптада неше күн бар? 12

4-сабақ. Отбасы өмірі 14

II. МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

5-сабақ. Мектеп – ортақ үйіміз 18

6-сабақ. Маған мектепте оқыған ұнайды 20

7-сабақ. Мектеп ережелері 23

8-сабақ. Мектепке баратын жол 25

III. МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

9-сабақ. Менің отбасым 29

10-сабақ. Отбасылық мерекелер 31

11-сабақ. Отбасындағы қамқорлық 33

IV. БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ

12-сабақ. Бағдарлау дегеніміз не? 37

13-сабақ. Менің туған өлкем 40

14-сабақ. Жыл мезгілдері 43

15-сабақ. Ауа райы дегеніміз не? 45

V. САЯХАТ

16-сабақ. Ежелгі адамдар қандай болған және қалай өмір сүрген? 49

17-сабақ. Сақтар деген кімдер? 51

18-сабақ. Сақ патшайымы – Томирис 54

19-сабақ. Адамдар саяхатқа не үшін шығады?.....	56
20-сабақ. Нұр-Сұлтан – Қазақстанның астанасы	58

VI. САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

21-сабақ. Тәуелсіз Қазақстан	63
22-сабақ. Елімнің мемлекеттік рәміздері	65
23-сабақ. Көне жазулар	68
24-сабақ. «Алтын адам» неліктен мемлекеттік символға айналды?	71
25-сабақ. Мен не үйрендім, не білдім?	73

VII. ТАҒАМ МЕН СУСЫН

26-сабақ. Менің денсаулығым. Мен қалай тамақтанамын?	77
27-сабақ. Ежелгі адамдардың өмірі қалай өзгерді?....	80
28-сабақ. Адамдар үнемі сауда жасады ма?.....	83
29-сабақ. Біздің қажеттіліктеріміз бен мүмкіндіктеріміз.....	86

VIII. ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

30-сабақ. Менің денсаулығым. Жекебасымның гигиенасы.....	91
31-сабақ. Үйде қандай қауіп-қатерлер орын алуы мүмкін?	93
32-сабақ. Табиғат аясында өзіңді қалай ұстау керек?.....	96
33-сабақ. Мен не үйрендім, не білдім?	98
Тест тапсырмалары.....	102
Глоссарий.....	105
Әдебиеттер тізімі.....	109

ҚЫМБАТТЫ ОҚУШЫ!

Дүниетану сабағында сен айналадағы қоршаған ортамен танысасың. Бізді қоршаған орта адам мен табиғат, отбасымыз, достарымыз, ұстаздарымыз, білім алатын мектебімізден құралады. Отбасының қалай өмір сүретінін, ата-ана мен бала арасындағы қамқорлық пен құрметтің қандай болатынын, отбасылық мереке күндерінің аталып өтетінін білесің. Мектепте оқушы ережелерін не үшін сақтау керектігін түсінесің.



Адам табиғат аясында өмір сүреді. Сен табиғат құбылыстарымен танысасың. Ауа райы мен жыл



мезгілдері жайында мәлімет аласың. Табиғатқа қамқор болуды және осыған байланысты ережелерді сақтауды үйренесің.

Оқулық беттерінде өткенге саяхат жасай отырып, ежелгі адамдардың, сақтардың қалай өмір сүргенін білесің. Біздің ата-бабаларымыз өз Отанын қалай қорғағаны туралы мәліметтермен танысасың.

Оқулықтан өзіңе қажетті ең маңызды ақпараттарды аласың. Оқушы дәптеріндегі тапсырмаларды орындап, өз біліміңді жетілдіресің.

Керемет және ғажайып әлемді танып-білуде біз сендерге сәттілік тілейміз!

Авторлар

I. ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Сен бұл бөлімнен:

- мектеп пен сынып туралы білесің;
- күн тәртібін құрастыруды үйренесің;
- апта күндері туралы айтып, тәуліктің не екенін анықтайсың;
- неліктен жақын адамдарымызға қамқорлық көрсету қажет екенін білесің.





1-сабақ

Біздің мектебіміз

Сен:

- оқушы деп кімді атайтынын білесің;
- сыныпта тәртіп ережелерін сақтауды үйренесің.

Тірек сөздер:
оқушы, сынып,
сыныптастар



- Суреттерге қара. Кімдер бейнеленген?
- Екі топтағы балалардан қандай айырмашылықтарды байқадың?
- Сен қай топтағы балаға жатасың? Неліктен? Себебін түсіндір.



- Балалар балабақшада немен айналысады?
- Балалар мектепке не үшін барады?
- Оқушы қандай болу керек екенін айтып бер.

Мектептегі барлық бала – оқушы. Әрбір оқушы мұқият бақылауды, зейін қойып тыңдауды, есіне сақтауды үйренуі қажет.

Оқушы тағы не істей алуы тиіс?



Сыныпта қандай ережелерді сақтау керектігін болжап айт.

Оқушылар сыныпта оқиды. Сынып – сен оқитын бөлме. Сыныпта сен және сыныптастарың оқып білім алады.

Қай заттардың сабақ оқуға, қай заттардың ойын ойнауға қажет екенін айтып бер.



Сен өзің оқитын мектебіңді зерттеп көр. Ол қалай аталады? Сыныбың қай қабатта орналасқан?



Сен мектептен білім мен тәрбие алатыныңды ұмытпа.



2-сабақ

Тірек сөз:
күн тәртібі

Менің күн тәртібім

Сен:

- күн тәртібінің не екенін **білесің**;
- күн тәртібін қалай құрастыруды **үйренесің**.



- Сен күн сайын таңертең, күндіз және кешке не істейтініңді айтып бер.
- Суреттерге қара. Балалардың таңертең, күндіз, кешке және түнде не істейтіндерін әңгімеле.



Күн тәртібі – еңбек, демалыс және тамақтану уақытының реті. Дұрыс құрастырылған күн тәртібі денсаулықты нығайтады.

Бір уақытта ұйықтап, бір уақытта ояну керек. Сонда адам ағзасы соған үйренеді. Күндіз өзіңді жақсы сезіну үшін ұйқың қану қажет.



Суреттерге қара. Арманның күн тәртібі туралы әңгімеле. Оқушының осындай күн тәртібі бола ма? Here?



Егер сен күн тәртібін сақтасаң, көп нәрсе істеп үлгересің. Бір күнде мектепке барасың, отбасыңа көмектесесің. Бос уақытыңда демалып, кітап оқып және достарыңмен ойнайсың.

Өзіңнің күн тәртібіңді есіңе түсір. Парталасыңның күн тәртібі қандай екенін сұра. Оның күн тәртібін өзіңдікімен салыстыр. Түстен кейін сабақтан бос боласың. Ол уақытта қандай іспен айналысасың?



- Оқушыға күн тәртібін сақтау не үшін қажет?
- Егер күн тәртібін сақтамаса не болатынын шамалап айт.



Күн тәртібін дұрыс пайдалануды ұмытпа! Ол сенің денсаулығыңды сақтайды және уақытыңды үнемдейді.



3-сабақ

Тірек сөздер:
тәулік, апта

Бір аптада неше күн бар?

Сен:

- апта күндерін **білесің**;
- тәулік уақытын жоспарлауды **үйренесің**.

Күн мен түн ауысып келіп отырады. Таңертең, күндіз, кеш және түн өткенде, бір тәулік болады. Күндіз адамдар жұмыс істейді, оқиды, ал түнде ұйықтап, демалады.

Сен таңертең, күндіз, кешке не істейсің?



- Күн мен түн бір тәулікті құрайды.
- Бір аптада жеті тәулік бар.

Апта күндерін ата.



- Сен аптаның қай күндері мектепке барасың?
- Ал қай күндері сабақ болмайды? Неліктен олай деп ойлайсың?



- Бүгін аптаның қай күні?
- Кеше аптаның қай күні болды?
- Ертең аптаның қай күні?
- Саған аптаның қай күні ұнайды? Неліктен?



• Аптаның қай күндері демалыс күні болып есептеледі?

- Демалыс күніңді қалай өткізетініңді айтып бер.
- Бүгін сейсенбі болса, онда екі күннен кейін қандай күн болады?




Жұмбақты шеш:

Жаңылмастан жетеуі,
Кезек қызмет етеді.



Апта күндері күнтізбелер мен күнделікте жазылады. Олар уақытты жоспарлау мен маңызды істерді ұмытып кетпеу үшін қажет.

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31





4-сабақ

Тірек сөздер:

отбасы,
қамқорлық

Отбасы өмірі

Сен:

- қамқорлық дегеннің не екенін білесің;
- өз отбасың туралы айтып беруді үйренесің.

Әр адамның өз отбасы бар. Отбасы – ең жақын туыс адамдар. Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлап, қамқорлық көрсетеді.

Мынау – Ақмаралдың отбасы.

Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап бер.



- Ақмаралдың отбасы мүшелерін ата.
- Әкесі мен анасы қайда жұмыс істейді?
- Атасы мен әжесі және балалар немен айналысады?
- Ақмаралдың отбасы бір-біріне қамқор бола алды ма?



- Өз отбасың туралы айтып бер. Отбасы мүшелерін ата. Олар саған кім болатынын әңгімеле.
- Кешкі уақытты және демалыс күндерін қалай өткізесіңдер?
- Сендер қандай істі бірге істегенді ұнатасыңдар?



- Суретте балаларға қандай қамқорлық көрсетіліп жатыр?
- Сен өз отбасыңа қандай қамқорлық көрсетесің?
- Тағы не істей алатыныңды айтып бер.

Қамқорлық – көмек беру, қайырымдылық таныту.



Отбасындағы ең басты сыйластық – қамқорлық. Үлкендерге көмектесуді, кішілерге қамқор болуды ұмытпа.

Сен «Өзім туралы» бөлімінен:

- оқушы деп кімді атайтынын;
- күн тәртібі деген не екенін;
- апта күндерін, тәулік уақыттарын атауды;
- қамқорлық деген не екенін білдің.

Сұрақтарға жауап бер.

- Әрбір оқушы нені үйрену керек?
- Күн тәртібін не үшін сақтау қажет?
- Аптада неше күн бар?
- Отбасы деген не?

Тапсырманы орында.

- Суретші қандай уақытты бейнелеген? Суреттердің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? Түсіндір.



II. МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

Сен бұл бөлімнен:

- мектептің адам өміріндегі маңызы туралы білесің;
- «ұжым», «тәртіп» деген сөздердің мағынасын білесің;
- мектеп ережелері туралы айта аласың;
- қауіпсіз жол деген не екенін және қауіпсіз жолмен жүруді үйренесің.





5-сабақ

Тірек сөздер:
мектеп, мұғалім

Мектеп – ортақ үйіміз

Сен:

- мектептің адам өміріндегі маңызы туралы **білесің**;
- мектепте кімдер жұмыс істейтіні туралы айтуды **үйренесің**.



- Суреттерден не көріп отырсың? Өзің оқитын мектебің туралы не білесің?
- Балалар мектепке не үшін барады? Сен мектепте не үйренгің келеді?



Барлық оқушы мектеп ережесін сақтауға міндетті.

Мектептің қандай ережелерін сақтап, орындап жүрсің?



- Қолыңды көтеріп, орныңнан тұрып, сұраққа қалай жауап беретініңді айтып бер.
- Партада қалай отыру керектігін және оған оқу құралдары қалай қойылатынын көрсет.

Мектепте не бар?



Мектеп – білім ордасы. Онда жарық әрі кең сынып бөлмелері бар.

«Сынып» деген не деп ойлайсың?

Мектептің суреттегі бөлмелері қалай аталады? Онда кімдер жұмыс істейді? Оқушылар не істеп жатыр?



Өзің оқитын мектебіңнің қай бөлмелерінде болдың? Дәрігер, кітапхана, спортзал бөлмесі нешінші қабатта орналасқан? Бұл бөлмелерге қай уақытта баруға болады?



Мұғалімің және сыныптастарыңмен бірге мектепте тағы кімдер жұмыс істейтінін анықта.





6-сабақ

Тірек сөздер:
ұжым, тәртіп

Маған мектепте оқыған ұнайды

Сен:

- «ұжым», «тәртіп» деген сөздердің мағынасын **білесің**;
- сыныптастарың мен өзің туралы айтуды **үйренесің**.



- Мектепке алғаш келгеніңді есіңе түсіріп айт.
- «Сынып», «ұжым» деген сөздер нені білдіреді?
- Саған сабақ оқыған ұнай ма?



- Жалғыз оқыған ұнай ма? Немесе топта оқыған ұнай ма? Неліктен?
- Оқу қызықты болу үшін сынып қандай болу керек?



Ұжым – бірге білім алатын және еңбек ететін немесе ойлары мен мүдделері бір адамдар тобы.

Бірге оқыған әлдеқайда қызықты. Бірге жұмыс істегенде өзара көмек көрсетуді де ұмытпау қажет. Бұл – сыйластықтың белгісі.

Сенің сыныбыңда қандай мектеп ережелері бар?
Үлкендердің көмегімен топпен және жұппен жұмыс істегенде қандай ережелерді сақтау керектігін оқы.

Топпен жұмыс істеудің ережелері

1. Топта бір адам жауапты болу керек.
2. Топта бір нәтижеге жұмыла жұмыс істеу керек.
3. Бір адам сөйлегенде, басқалары тыңдау керек.
4. Егер түсінбесең қайталап, әдеппен сұрауды үйрен.

Жұппен жұмыс істеудің ережелері

1. Жұбыңмен бірге жұмыс істе!
2. Біреуің сөйлегенде, екіншің тыңда.
3. Өз пікіріңді әдеппен, жайлап түсіндір.
4. Бір-біріңе кедергі келтірмей, тыныштықта жұмыс істеңдер.

Оқушылар тек қана бірге оқып қоймайды, олар уақыттарын көңілді өткізеді.





Сенің сыныбың үзілісте не істейді?
Мұғалім саған қоршаған ортаны танып-білуге үйретеді. Саған білім алуға тағы кім көмектеседі?

Сыныпта өзіңді ұстау ережесі

1. Сыныптасыңды сыйла.
2. Мектеп ережесін сақта.
3. Сыныптың тазалығын және жекебас гигиенасын сақта.
4. Үлкендерге құрмет көрсет.
5. Мектеп мүлкіне қамқорлықпен қара.

Тағы қандай ережелерді өзің қосар едің?



Сыйластық пен тәртіп – жақсы білім алудың кепілі екенін есіңнен шығарма!

Мектеп ережелері

Сен:

- мектеп ережелері туралы **білесің**;
- мектептегі тәртіп ережелерін сақтауды **үйренесің**.



7-сабақ

Тірек сөздер:
тәртіп, ереже

Сенің қасыңда үнемі адамдар болады.
Мектепте – мұғалімдерің мен сыныптастарың.
Үйде – отбасың. Аулада – көршілерің мен достарың. Автобуста – бейтаныс жолаушылар.
Сен кез келген жерде тәртіп сақтауың керек.
Мектептің тәртібін, тазалығын сақтауға ұжымдағылардың бәрі қатысады.



Мектеп ережесі деген не? Мектеп ережесі не үшін қажет?

Суреттерге қара. Қай суретте мектеп ережесі сақталған?



Мектептің өз ережелері бар. Сен оның көпшілігін білесің әрі оған бағынасың.



Суреттерге қара. Суретші қандай тәртіп сақтау ережесі туралы айтқысы келді?



Мектеп ережелері болмаса, не болар еді?



Мектеп ережелерін сақтау не үшін маңызды?



Мектепте және қоғамдық орында айналаңдағы адамдарға кедергі келтірме.

Мектепке баратын жол

Сен:

- жолда жүру ережелерін **білетін боласың**;
- жаяу жүргіншіге арналған жол белгілерін айыра білуді **үйренесің**.



8-сабақ

Тірек сөздер:

жаяу жүргінші,
қауіпсіздік,
жол белгілері

Сен жол қозғалысына қатысушысың. Жаяу жүріп келе жатқанда сен жаяу жүргіншісің.

Жүргізуші көлікті басқарады.

Адам тасымалдайтын көліктің қандай түрлері бар?



- Үйіңнен мектепке дейінгі жолыңды есіңе түсір.
- Сен үйіңнен мектепке дейінгі және үйіңе қайтар жолды есіңе сақтап алдың ба?



Жолдан өткенде қандай қауіптен сақ болу керек?



Адамдар жол жүру ережелерін неліктен сақтау керек? Себепін түсіндір.



Барлық жаяу жүргіншілер мен көлік жүргізушілер жол қозғалысына қатысушылар болып есептеледі. Сондықтан адамдар жол жүру ережелерін сақтауы тиіс.

Жол жүру ережелерінің «көмекшілері» бар. Олар суреттерде бейнеленген.



Жаяужол
өткелі



Жаяу жүргіншілерге
рұқсат етілмеген



Жерасты
өткелі



Абайлаңыз, балалар!



Бағдаршамның жұмысы
туралы не білесің?

Жол белгілеріне қара. Олар нені білдіреді?
Мектепке баратын жолда қай белгіні көрдің?

Әр белгінің өз түсі және пішіні бар. Қызыл түс қауіпті білдіреді!



Жаяужол деген не?



- Балалардың қайсысы жол жүру ережесін сақтады? Қайсысы жол ережесін бұзды?
- Оқушыға жол ережесін сақтау өз қауіпсіздігі үшін қажет екенін қалай түсіндіруге болады?



Сен «Менің мектебім» бөлімінен:

- мектепте оқудың маңызы туралы;
- бірге оқыған қызықты екенін;
- мектеп ережесін сақтауды;
- жолда жүру ережесін білдің.

Сен:

- мектеп ережесін құрастыруды;
- жаяу жүргіншіге арналған жол белгілерін айыра білуді үйрендің.

Сұрақтарға жауап бер.

Мектепте кімдер жұмыс істейді?

Бірге оқыған неліктен қызықты?

Сен мектептің қандай ережелерін білесің?

Жол қозғалысына қатысушылар деп кімдерді атайды?

Көшені қай жерлерден қиып өтуге болады?

Бағдаршамның қандай түсі қауіпті білдіреді?



III. МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

Сен бұл бөлімнен:

- адам үшін ненің қымбат екенін білесің;
- ең жақын туған-туыстарың туралы айта аласың;
- отбасы мүшелері бір-біріне қандай қамқорлық көрсететінін білесің;
- жақын адамдарыңа қамқорлық жасауды үйренесің;
- отбасылық альбомды бірге тамашалайсың;
- отбасында қандай мерекелер болатынын білесің.



Менің отбасым

Сен:

- отбасы деген не екенін **білесің**;
- өз отбасың туралы айтып беруді **үйренесің**.



9-сабақ

Тірек сөз:
отбасы



- Суреттерге қара. Мына отбасылардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?
- Туыс адамдар неге бірге тұрады деп ойлайсың?



Мақалдың мағынасын түсіндір:

Үйінде ұл-қызы бардың
Көгінде сөнбес жұлдызы бар.

Отбасы жайлы тағы қандай мақал білесің?

Отбасы – ең жақын туыс адамдар. Отбасы мүшелері бір-біріне көмектесіп, қамқорлық жасайды.

Отбасылардың бәрі бірдей емес. Олар адам санымен де, өмір сүру салтымен де ерекшеленеді. Әр отбасы өз үйінде немесе өз пәтерінде өмір сүреді.

Отбасымен бірге өзімізді қауіпсіз сезінеміз.



- Өз отбасың туралы әңгімеле. Отбасыңда ең мейірімді, ең қайырымды адам кім? Сен оны не үшін жақсы көресің?
- Атаң, әжең, әкең, анаң, аға-інің, әпке-қарындастарың туралы да айтып бер.



Әкең мен анаңның мектепте қалай оқығандарын сұра. Олар өз отбасыларында үлкендер мен кішілерге қалай көмектескендерін біл.



Сен әкең мен анаңа кім боласың? Атаң мен әжең ше? Ағаң мен әпкең ше?

Тірек сөздер: ұлы, қызы, немересі, інісі, сіңлісі.

Әр отбасының өз күн тәртібі мен ережесі бар. Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлайды. Үлкендері кішілерін қамқорлыққа алады, ал кішілері үлкендерді құрметтейді.



- Үлкендерден өз отбасыңның тарихы туралы сұра. Отбасылық альбомды қарап көр.
- Өз отбасың туралы әңгіме құрастыр. Әңгімеңді сыныпта айтып бер.



Егер сен қауіп-қатерге жолықсаң, 112 нөміріне қоңырау шал.

Отбасылық мерекелер

Сен:

- отбасындағы мерекелер туралы білесің;
- отбасындағы мерекені сипаттап айтуды үйренесің.



10-сабақ

Тірек сөз:
мереке

Біздің өмірімізде әдеттегі күндер мен мереке күндері бар.



- Мереке деген не? Әдеттегі күннен мереке күндерінің қандай айырмашылығы бар?
- Жақында сенің отбасыңда қандай мереке тойланады?



Мереке – ерекше күн. Әр отбасының атап өтетін өз мерекелері бар. Отбасындағы мереке қашанда ерекше болады. Анасы мен балалары бірлесіп дастарқан жаяды. Қазақ – қонақжай халық. Мерекелік дастарқанға отбасының ең жақын туыстары жиналады.

Суреттерге қарап, отбасы нені тойлап жатқанын айтып бер.



Мына суретке қара. Суретте қандай әдет-ғұрып орындалып жатыр? Ол туралы не білесің?



Сәби қаз тұрып, алғаш рет қадам басады. Бұл қуанышты барлық отбасы тойлайды. «Тұсаукесер» ырымын жасайды. Осы сәттен сәбидің өмірінде жаңа кезең басталады. Ол жүруді үйреніп, жан-жағын танытын болады.



- Сенің отбасың отбасылық мерекеге қалай дайындалады?
- Бұл күні қандай ойындар мен жарыстар өткізеді? Музыка қоя ма?
- Бір-біріне не үшін сыйлық береді? Сен отбасыңдағыларға қандай сыйлық дайындадың?

Отбасында аталып өтетін мерекелер балаға қуаныш сыйлайды. Бұл күні бала отбасындағы сыйластықты сезінеді.



Біздің елімізде «Отбасы күні» мерекесі қыргүйек айына белгіленді.

Отбасындағы қамқорлық

Сен:

– отбасы мүшелеріне қалай қамқорлық жасау керек екенін білесің.



11-сабақ

Тірек сөз:

отбасындағы
қамқорлық

Әр отбасының өз тіршілігі бар. Отбасындағы ең басты тәрбие – ата-ана балаларының тату болып, бір-біріне қамқорлық жасауына баса назар аударады.

Ата-ана балаларын жан-жақты етіп тәрбиелеп өсіреді. Оларға үнемі қамқорлық көрсетеді. Атасы мен әжесіне де көмектесіп, жағдайларын жасайды. Балалар үй жұмысына, үлкендерге көмек береді.



Отбасында ата-анаң кімдерге қамқорлық жасайды? Атаң мен әжең үйде немен айналысады?

Ата-анаң мен ата-әжеңді қалай қуантасың?



Сен туыстарыңа қамқорлық жасай аласың ба?

Оларды қандай ісіңмен қуанта аласың?



Суреттерге қара. Кімнің не істеп жатқаны туралы айтып бер. Бұл істерді қамқорлыққа жатқызуға бола ма? Неге?



Қазақ халқында мынадай мақал бар:

Отан – қуат, отбасы – шуақ.

Мақалдың мағынасын түсіндір.

Отбасы – адамның ең қымбат байлығы. Отбасы сені үнемі қолдап отырады. Оларды өз жетістіктеріңмен жиі қуантуға тырыс.

Сен «Менің отбасым және достарым» бөлімінен:

- отбасы деген не екенін білдің;
- отбасында қандай мерекелер болатынын;
- отбасыңдағы мерекені сипаттап айтуды;
- отбасы мүшелеріне қамқорлық жасауды үйрендің.

Сен:

- «отбасы» сөзінің мағынасын түсіндіре аласың;
- отбасы мерекесін қалай атап өтуді үйрендің.

Сұрақтарға жауап бер.

Отбасы деген не?

Отбасылық мерекенің басқа мерекелерден қандай айырмашылығы бар?

Отбасында қандай мерекелерді атап өтеді?

Отбасы мүшелеріне қалай қамқорлық жасау керек?



IV. БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ

Сен бұл бөлімнен:

- көкжиектің не екенін білетін боласың;
- жергілікті жердің белгілері бойынша көкжиек тұстарын бағдарлауды үйренесің;
- картадан өзің тұратын елді мекенді (ауылды, қаланы) тауып, басты көшелері мен ғимараттарын, көрнекті орындарын сипаттап айта аласың;
- жыл мезгілдерінің ауысуына байланысты болатын өзгерістерді анықтауды үйренесің;
- ауа райының адам өміріне қалай әсер ететінін білетін боласың.



Бағдарлау дегеніміз не?

Сен:

- көкжиектің не екенін **білетін бола-сың;**
- жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын бағдарлауды **үйренесің.**



12-сабақ

Тірек сөздер:

көкжиек,
жергілікті белгілер



Сен мектепке баратын жолыңды есіңе сақтап алдың. Енді қай жолмен тік жүріп, қай жерде бұрылу керек екенін білесің. Айналаңды бағдарлай аласың.



Айналаңды не үшін бағдарлай білуің керек?


Айналаңдағы көзге көрінетін аспан мен жердің түйіскен жері **көкжиек** деп аталады. Көкжиектің төрт тұсы бар: солтүстік, оңтүстік, шығыс, батыс. Оларды С, О, Ш, Б әріптерімен белгілейді.




Сен бұрын көкжиек туралы естіп пе едің? Суреттен көкжиекті тап.

Көкжиек тұстарын жергілікті белгілер арқылы анықтауға болады. Ол үшін айналаңдағы бірнеше белгіге мән беру керек.



 Үйге қайтар жолыңда айналаңды бағдарлау үшін жергілікті белгілерге қара. Солтүстік пен оңтүстікті тап.

Бағдарлау – жергілікті жерде көкжиек тұстарын ажырату.

 Көкжиек тұстарын анықтайтын ең сенімді құрал – тұсбағдар.



Тұсбағдармен бағдарлау әсіресе теңізшілерге қажет.



Теңізші жергілікті белгілерге қарап не үшін айналасын бағдарлай алмайды?



Теңізшілердің теңізге шығар алдындағы тапсырманы жоспарлау сәті.



- Тұсбағдарды кімдер және не үшін қолданады?
- Көкжиек тұстарын не үшін білу қажет?
- Көкжиекті қандай мамандар білу керек?
- Көкжиек тұстарын қалай анықтауға болады?



13-сабақ

Тірек сөз:
туған өлке

Менің туған өлкем

Сен:

- туған өлке дегеннің не екенін **білетін боласың;**
- өз мекенжайыңды, тұратын қалаңның (ауылыңның) көшелері мен көрнекті орындарын сипаттап айтуды **үйренесің.**



«Туған өлке» деген сөзді қалай түсінесің? Өз ойыңды айтып бер.

Әр адамның туып-өскен жері Отан деп аталады. Сен Қазақстанда туып-өстің. Ол – сенің Отаның. Қазақстанда қала мен ауыл өте көп. Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы.





- Картадан Отанымыздың астанасы – Нұр-Сұлтан қаласын тап.
- Сен қай қалада немесе ауылда тұрасың?
- Тұратын жерің Қазақстанның қай облысында орналасқан? Картадан тауып көрсет.

Сен өз өлкеңнен білім алып өлесің. Мұнда сенің үйің, туыстарың, көршілерің, ең жақын достарың бар.

Әрбір бала өз туған жерінің тарихымен танысады. Онда қандай елеулі оқиғалардың болғанын және белгілі адамдардың өмір сүргенін біледі. Олар өз өлкесінің дамуына қандай үлес қосқандарын білуі керек.

Сенің туған жеріңде басқа ұлттың өкілдері де тұрады. Олар орыс, өзбек, украин, татарлар және т.б. Барлығы бір шаңырақ астында достық пен таулықта өмір сүреді.



Әр адамның өз мекенжайы бар. Онда оның тұратын облысы, қаласы, ауылы, көшесінің атауы және үйі мен пәтерінің нөмірі көрсетіледі.



Тұратын мекенжайыңды не үшін білуің керек? Парталасыңмен бірлесе талқыла.



Туған жерің туралы фототаныстырылым дайында. Отанға деген сүйіспеншілік туған жерден басталатынын дәлелдеуге тырыс.



Өзің тұратын қаланы немесе ауылды сипаттап айт. Ол үшін мына сұрақтарға жауап ізде:

- Басты көше қалай аталады?
- Ауылыңда (қалаңда) қандай тарихи орындар бар?



- Сен өзіңнің мекенжайыңды білесің бе?
- Өзіңнің үйің тұрған көше қалай аталады? Көшенің неге солай аталатынын анықтап көр.



Сенің ауылыңда (қалаңда) қандай ұлттың өкілдері тұрады? Ата-анаңнан сұрап біл.

Жыл мезгілдері

Сен:

- жыл мезгілдерінің не екенін **білетін боласың**;
- жыл мезгілдерінің ауысуына байланысты болатын өзгерістерді анықтауды **үйренесің**.



14-сабақ

Тірек сөздер:
жыл мезгілдері,
бос уақыт



- Суреттерге қара. Қандай жыл мезгілдері болатынын айтып бер.
- Әр жыл мезгілі келгенде нені байқауға болады? Жыл мезгілі ауысқанда адамдардың өмір сүру жағдайы қалай өзгереді?

Табиғатта үнемі өзгеріс болып тұрады.
Күз, қыс, көктем, жаз – жылдың төрт мезгілі.
Олар мезгілімен ауысып келіп отырады.
Жыл мезгілінің ауысуына қарай адамдардың өмір сүру жағдайы да өзгереді.



- Суреттерге қара. Балалар не істеп жүр?
- Бұл ойындарды жылдың қай мезгілінде ойнауға болады? Тағы қандай ойындарды білесің?



Жылдың әр мезгілінде сен бос уақытыңды қалай өткізесің?

Бос уақыт – адамның қолы бос кезі.



Табиғат аясында өткізген демалыс жылдың кез келген мезгілінде адамға қуаныш сыйлайды.
Интернет желісінен қыс мезгіліндегі демалысты қалай өткізуге болатыны туралы ақпарат ізде.

Ол үшін:

- 1) интернет желісін қос;
 - 2) іздеу парақшасына «Көшедегі қысқы ойындар» деп жаз.
- Басқа балалардың демалысты қалай өткізетінін анықта.

Ауа райы дегеніміз не?

Сен:

- ауа райының не екенін **білесің**;
- адам өміріне ауа райының қалай әсер ететінін **анықтауды үйренесің**.



15-сабақ

Тірек сөз:
ауа райы



- Терезеден далаға қара.
- Бүгін ауа райы қандай?
- Ауа райы деген не?



Ауа райы – жергілікті жердегі ауаның дәл осы сәттегі жай-күйі.

Ауа райын сипаттау үшін аспандағы бұлттарды, желдің соғуын, жауын-шашынды, ауаның температурасын бақылау керек. Мамандар ауа райын ұзақ жылдар бойы бақылап келеді. Олар бақылау нәтижесіне ерекше белгілерді қолданды.

Суреттегі белгілерге назар аудар. Аспанның қандай болатынын, жауын-шашынның түрін есіңе сақта.



ашық



құбылмалы



бұлтты



жауын



қар

Суреттерге қара. Алдағы ауа райының өзгеру жағдайын кімдерден білуге болады? Ертеңгі және алдағы күндердің ауа райын білу кімдер үшін қажет? Адамдардың мамандықтарын ата.



- Ауа райын не үшін бақылау керек?
- Жыл мезгілдері ауысқанда ауа райы өзгере ме? Неге?
- Адамдардың өмір сүру жағдайына ауа райы қалай әсер етеді?



Суреттерге қара. Мұндай ауа райында қандай киімдер кию керек? Неге?



- Ауа райы туралы білгенің өзіңе қай кезде көмектескенін айтып бер.
- Өзің тұратын жердің ауа райын бақыла.



Ауа райының өзгеретінін табиғаттың өзі де алдын ала білдіре алады екен. Мысалы, бұлттар жер бетінен биікте орналасса, ауа райы жайлы болады. Егер торғайлар құмға аунаса, жаңбыр жаууы ықтимал.

Сен «Бізді қоршаған әлем» бөлімінен:

- көкжиектің не екенін;
- туған өлке дегеннің не екенін;
- жыл мезгілдерін;
- ауа райының не екенін білдің.

Сен:

- жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын бағдарлауды;
- мекенжайыңды, тұратын елді мекеннің (ауылдың, қаланың) басты көшелері мен ғимараттарын, көрнекті орындарын сипаттап айтуды;
- адамның өмір сүру жағдайына ауа райы қалай әсер ететінін анықтауды үйрендің.

Сұрақтарға жауап бер:

Жан-жағыңды не үшін бағдарлай білу керек?
Туған өлке деген не?

Адамдардың өмір сүру жағдайына жыл мезгілдері қалай әсер етеді? Ауа райын не үшін білу керек?



V. САЯХАТ

Сен бұл бөлімнен:

- ежелгі адамдардың қазіргі адамдардан айырмашылықтарын салыстыруды үйренесің;
- біздің ата-бабаларымыз – сақтардың қалай өмір сүріп, немен айналысқанын білетін боласың;
- Томирисің есімі тарихқа қалай енгенін талқылайтын боласың;
- адамдардың саяхатқа не үшін шығатынын білесің;
- Отанымыздың астанасы – Нұр-Сұлтан қаласына ойша саяхат жасайсың.



Ежелгі адамдар қандай болған және қалай өмір сүрген?



16-сабақ

Сен:

- ежелгі адамдардың немен айналысқанын **білесің**;
- ежелгі адамдар мен қазіргі адамдардың сырт келбетін және кәсібін салыстыруды **үйренесің**.

Тірек сөздер:

аң аулау,
терімшілік,
шапқы



Суреттерге қара. Ежелгі адамдардың қазіргі адамдардан қандай айырмашылықтары бар? Ежелгі адамдар қандай іспен айналысқанын айтып бер.



Ежелгі адамдар



Қазіргі адамдар

Ежелгі адамдар Жер бетінде өте ертеде, Африкада пайда болған. Олар еңбек құралын тастан жасады. Алғашқы еңбек құралы – шапқы.

Сол замандарда ауа райы жылы әрі ылғалды еді. Адамдар жабайы өскен өсімдіктер мен

жануарлардың ортасында өмір сүрді. Олар **терімшілікпен** айналысты. Әйелдер мен балалар ағаштардың жемістерін жинап, өсімдіктердің жеуге жарамды тамыр түйіндерін қазып жеді.

Алайда адамдарға ет те керек болды. Сол үшін ер адамдар **аң аулауға** бейімделді. Аңшылардың негізгі аулайтын аңы зілдер болды.



Терімшілік



Зіл



Шапқы



Суреттерге қара. Зілді жалғыз адам аулай ала ма? Ежелгі аңшылардың зілді қалай аулағанын жорамалдап айт.



Шапқының көмегімен не істеуге болады деп ойлайсың?



Мәтінге қатысты суреттерді пайдаланып, қандай оқиғаларды елестеткеніңді айтып бер. Ежелгі адамдардың айналысқан кәсібі туралы әңгімеле.



Ежелгі адамдардың айналысқан аңшылық пен терімшілік кәсібі қазір бар ма? Мысалдар келтір.

Сақтар деген кімдер?



17-сабақ

Сен:

- сақтардың немен айналысқанын **білесің**;
- сақтардың өмірін **сипаттай алатын боласың**.

Тірек сөздер:

көшпелі, ата-баба, сақтар



«Ата-баба» деген сөзді қалай түсінетініңді айт.

Өте ерте заманда Қазақстанның аумағында **сақ** деген тайпа болған. Олар – біздің арғы ата-бабаларымыз. Сақтар Қара теңіз бен Алтай тауының аралығында өмір сүрген.



Сақ тайпалары мекендеген жерлерді картадан тауып көрсет.

Сақ тайпаларының кейбірі көшпелі болған. Олар малдарына жайылым іздеп, бір жерден екінші жерге көшіп-қонып жүрген. Көшпелі сақтардың тұрғын үйі киіз үй болды.



- Сақтар қандай мал өсірді? Бие мен түйе сүтінен қандай шипалы сусындар әзірледі?
- Тұрмыста қандай көліктерді пайдаланды?

Сырдария өзенінің жағалауына қоныстанған сақтар егін егумен айналысқан. Олар қарабидай, бидай, тары еккен. Сазбалшықтан немесе ағаштан үйлер тұрғызған.



Сақтар еңбек құралдарын, қарулар мен әшекей бұйымдар жасаған. Әшекей бұйымдарда көбінесе аңдар бейнеленген.



Суреттерге қара. Сақтардың өнер туындылары неліктен «аң бейнесінде» берілгенін айтып бер.



Сақтар өз жерін сүйіп, оны жауларынан қорғады. Сақтар балаларын кішкентай кезінен атқа мінгізіп, садақ тартуға үйретті.



Суреттегі сақтардың қарулары мен киімдерін тірек сөздерді пайдаланып ата.

Тірек сөздер: садақ пен жебе, семсер, атты әскер, шошақ баскиім, сауыт-сайман.

Әлемде ең алғаш сақтар ғана атпен шауып келе жатып садақ тарта білді. Олар жан-жағына екі қолымен де садақ тарта алды.



Сақтар неліктен шебер шабандоздар және мерген садақшылар болды? Парталасыңның пікірін тыңда.



18-сабақ

Тірек сөз:
шайқас

Сақ патшайымы – Томирис

Сен:

- Томирис патшайым туралы білесің;
- дереккөздерден Томирис туралы ақпарат іздеуді **үйренесің**.



Томирис патшайым туралы не білесің?

Сақ патшайымы Томирисінің есімі тарихта қалды. Ол туралы тарихшы Геродоттың шығармаларынан білеміз. Патшайым ержүрек қолбасшы болған. Бес жасынан атқа мініп, садақ тартуды үйренген.



Парсы патшасы – Кир.


Геродот былай деп жазды: «Парсы патшасы Кир көп елді жаулап алды. Оны «Азияны жаулаушы» деп атаған. Кир сақтарды жауламақ болды. Ол Ұлы Далаға жорыққа шықты».



Кир неліктен өзінің сақтарды жеңетініне сенімді болды?

Геродоттың айтуынша, Томирис патшайым бастаған сақ әскері парсыларға қарсы шықты.


Ауыр шайқаста Кирдің әскері жеңіліске ұшырады. Осылайша сақтар өз бостандықтары үшін күресіп, Отанын жауларынан қорғап қалды.


 Неліктен сақтар парсыларды жеңді деп ойлайсың? Оны дәлелдейтін үш сөйлем құрап, әңгімелеп бер.




Сақ патшайымы – Томирис.

Тірек сөздер: Томирис, қалың әскер, қару, қалқан, семсер, садақ пен жебе, шошақ баскиім, салтанатты қамзол.

 Сурет бойынша Томирис пен сақ әскерін сипаттап айт.

 Сұхбат жүргіз. Сен Томиристен парсылармен шайқас алдында және шайқастан кейін не туралы сұрар едің?

 Саған Томиристің қандай қасиеті ұнайды?



19-сабақ

Тірек сөздер:

туризм,
саяхат,
экскурсия

Адамдар саяхатқа не үшін шығады?

Сен:

- туризм деген не екенін **білетін боласың**;
- туризмнің мақсатына қарай карта **жасай аласың**.



Сен турист болып көрдің бе? Егер туристік сапарға шыққан болсаң, қай жерге барғаныңды сыныптастарыңа айтып бер.

«Туризм» сөзі француздың «тур» – «саяхат» деген сөзінен шыққан.

Туризм – адамдардың басқа елдерге немесе өз жеріндегі белгілі бір орындарға саяхаттап баруы.

Туризмнің негізгі мақсаты – денсаулықты жақсарту, демалу, спортпен айналысу, жаңа әрі қызықты жерлерді танып-білу.



Туризм салауатты өмір салтын сақтауға көмектеседі. Адамдар табиғаты әдемі жерлерге саяхаттайды.

Туризм – тынығудың ең жақсы демалыс түрі. Біз демалысымызды туған өлкемізге саяхаттан бастайық.



- Саяхатқа қандай көлікпен шығуға болады?
- Қайда баруға болады?
- Саяхатқа не қажет?
- Турист қандай киім киюі тиіс?
- Саяхатта қандай ережелерді сақтау керек?



Сен туристік саяхатқа шықпақшы болдың. Өзіңмен бірге алатын заттардың тізімін жаса. Нені міндетті түрде алу керек? Аса қажет болмайтындарды ойлан.



Туризмнің сауықтыру, танымдық, спорттық түрлерін бейнелейтін суреттерден коллаж құрастыр.



Парталасыңмен бірге «Қандай саяхатқа немесе қайда экскурсияға шығуды армандайсың? Неліктен?» деген тақырыпта диалог құра.



20-сабақ

Нұр-Сұлтан – Қазақстанның астанасы

Тірек сөз:

астана

Сен:

- Нұр-Сұлтан қаласының көрнекті орындарымен **танысасың**;
- Қазақстанның астанасы туралы шығармашылық жұмыстар жасауды **үйренесің**.



Отанымыздың астанасы Нұр-Сұлтан қаласы туралы не білесің? Өз ойыңды айтып бер.



Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы. Ол Есіл өзенінің жағасында орналасқан.

Астананың символы – «Бәйтерек» монументі. Оның пішіні алып бәйтерек басындағы алтын күнге ұқсайды.

Бәйтерек туралы аңызда: «Өмір ағашы – Бәйтерек өзенінің жағасында өседі. Оның тамыры тереңге жайылып, ал ұшар басы аспанды тіреді. Жылына бір рет ұшып келетін самұрық құс жұмыртқасын басарда қауіпсіз әрі тыныш орын іздейді. Міне, сол самұрық мамыра-жай жерде өскен бәйтерек ағашының басына жұмыртқалапты», – дейді.



Бәйтерек туралы аңызды үлкендердің көмегімен қосымша ақпараттан тауып оқы.

Нұр-Сұлтанда ерекше пішінді әдемі ғимарат өте көп.

Тағы қандай сәнді ғимараттарды білесің?



Бейбітшілік пен келісім сарайы пирамида тәрізді салынған.



«Ханшатыр» ғимараты – алып шатыр.

«Ханшатырдың» ішінде не бар екенін қосымша ақпараттан біліп ал.

«Думан» ойын-сауық орталығында океанариум орналасқан. Мұнда мұхиттар мен теңіздерде тіршілік ететін жануарлар бар. Олар: теңіз жұлдызы, акула, теңіз балығы, түрлі түсті балықтар.



«Думан» ойын-сауық орталығы.

Нұр-Сұлтан қаласы жыл сайын көркейіп келеді. 1999 жылы қалаға «Әлем қаласы» деген жоғары мәртебе берілді.



Мәтіндегі суреттерді пайдаланып, парталасыңмен бірге еліміздің астанасына ойша саяхат жасаңдар. Нұр-Сұлтан қаласының көрікті жерлерін бір-біріңе сипаттап беріңдер.

Сен «Саяхат» бөлімінен:

- ежелгі адамдардың қазіргі адамдардан қандай айырмашылықтары болғанын;
- біздің ата-бабаларымыз – сақтардың қалай өмір сүріп, немен айналысқанын;
- Томирис патшайымның аты тарихта қалай қалғанын;
- адамдардың саяхатқа не үшін шығатынын білдің.

Сен:

- сақтардың өмірі мен Томирис патшайым туралы айтуды;
- туризм мақсатында карта сызуды;
- Отанымыздың астанасы – Нұр-Сұлтан қаласына ойша саяхат жасауды үйрендің.



Мен не үйрендім, не білдім?

1. Сурет бойынша шағын әңгіме құра.

Тірек сөздер: аң аулау, үңгір, еңбек, найза, шапқы, зіл.



2. Ежелгі адамдар саусақтары арқылы ғана санай алды. Олар есептеудің қарапайым арифметикалық жолдарын білді. Қалай ойлайсың, ежелгі адамдар қосу мен алудың қайсысын жиі пайдаланды? Мысал келтіріп дәлелде.

3. Сөзжұмбақты шеш. Шешуі бойынша екі сөйлем құра.



”””””

Я



VI. САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Сен бұл бөлімнен:

- қандай мемлекеттің тәуелсіз деп саналатынын білесің;
- Қазақстанның Туы мен Елтаңбасын ажырата білуді үйренесің;
- Қазақстан аумағындағы ежелгі жазулар туралы білесің;
- ежелгі мәдениет ескерткіші «Алтын адаммен» танысасың.



Тәуелсіз Қазақстан



21-сабақ

Сен:

- тәуелсіз мемлекеттің белгілерін білесің;
- Тәуелсіз Қазақстан туралы коллаж жасауды үйренесің.

Тірек сөздер:

Тәуелсіздік,
Ата Заң,
ұлттық валюта



«Тәуелсіз мемлекет» деген сөзді естігенде сен қандай ой түйдің?

Қазақстан 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіз мемлекет болды. Тәуелсіз елдің өз шегарасы, мемлекеттік тілі, рәміздері, Ата Заңы, астанасы, ұлттық валютасы бар. Ол басқа мемлекеттерге тәуелсіз, дербес болу керек.

1992 жылы 4 маусымда Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздері – Ту, Елтаңба, Гимн қабылданды. (сурет 65, 66-бетте).



1995 жылы 30 тамызда мемлекетіміздің негізгі Ата Заңы қабылданды. Ата Заңда Қазақстан азаматтарының құқықтары мен міндеттері жазылған.



Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы.

1993 жылы 15 қарашада Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге болды.



Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Республикасының қазіргі Президенті – Қасым-Жомарт Тоқаев.



Парталасыңмен «Тәуелсіз Қазақстан» деген тақырыпта диалог құр. Сен оған қандай сұрақтар қояр едің?



Оқулықтағы мәтін мен суреттерді пайдаланып, Тәуелсіз Қазақстан туралы кластер құрастыр.

Кластерді қалай құрастырады? Ақ парақтың ортасына «Тәуелсіз Қазақстан» деп тақырыбын жаз. Тақырыпты дөңгелекке алып, мәтінге қатысты түсініктерді күн нұры тәрізді етіп тарат. Оны безендір.

Елімнің мемлекеттік рәміздері



Сен:

- мемлекеттік рәміздердің не екенін **білетін боласың**;
- еліміздің Туын, Елтаңбасын, Гимнін ажырата білуді **үйренесің**.

Тірек сөздер:

мемлекеттік рәміздер, Ту, Елтаңба, Гимн



«Рәміз» деген сөздің мағынасын қалай түсінесің? Осы сөзді қолданып сөйлем құра.

Қазір әлемде 200-дей мемлекет бар. Олардың әрқайсысының өз мемлекеттік рәміздері бар. Қазақстан Республикасының рәміздеріне Ту, Елтаңба және Гимн жатады.

Рәміздерімізді сипаттайық.

Қазақстанның Туы көк түсті. Көк түс ашық аспанды білдіреді. Тудың ортасында алтын Күн



бейнеленген. Оның астында дала қыраны қалықтап барады. Тудың шетіне ұлттық ою-өрнек салынған.

Дала қыраны нені білдіреді деп ойлайсың?

Қазақстанның Елтаңбасының ортасында отбасының белгісі – шаңырақ орналасқан. Шаңырақтың екі жағында қанатты тұлпарлар бейнеленген.

Елтаңбамызда не себепті шаңырақ пен қанатты тұлпарлар бейнеленген? Ойланып айт.

2006 жылы 7 қаңтарда Қазақстанның Гимні қабылданды. Оның негізіне «Менің Қазақстаным» әнінің мәтіні алынды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ГИМНІ

Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов
Сөзін жазғандар: *Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев*

Алтын күн аспаны,
Алтын дан даласы.
Ерліктің дастаны
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім,
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан
Кең-байтақ жерім бар,
Бірлігі жарасқан
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты
Маңгілік досыңдай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы.
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім,
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Мемлекеттік Гимн халықаралық жарыстарда спортшыларымыз марапатталғанда, басқа мемлекеттердің басшыларымен кездесулерде орындалады.

Гимн тағы қандай кезде орындалатынына мысалдар келтір.

Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің егемендігін ерекшелейтін белгілері. Оларды біз аса құрметтейміз.



Рәміздерде берілген өрнектер қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрін символдық тұрғыда бейнелейді.



Біздің республикамыздың Гимнін заң бойынша қалай тыңдау керек? Түсіндіріп айтып бер.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Мұнда 130-дан астам ұлт өкілі тұрады. Республикамызда мемлекеттік тіл – қазақ тілі.



Суретте әлем елдерінің тулары бейнеленген. Біздің республикамыздың Туын тап. Оны қандай белгісіне қарап ажыратқаныңды айт.



Берілген өлең жолдарынан Қазақстан Республикасы Гимнінің сөздерін анықта:

Қайда жүрсең атамекен,
Көкейіңде жатады екен...

* * *

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін...



Парталасыңмен бірге республикамыздың Елтаңбасы туралы диалог құра.



Қазір тек мемлекеттердің ғана емес, қалалардың да туы мен елтаңбасы бар. Өзің тұратын облысыңның туы мен елтаңбасын тап. Оларды (түсін, элементтерін және нені білдіретінін) сипаттап айтып бер.



23-сабақ

Тірек сөздер:

ақпарат, жазу,
пиктография

Көне жазулар

Сен:

- Қазақстан аумағындағы көне жазулар туралы **білетін боласың**;
- көне жазуларды жазып **үйренесің**.



Жазу не үшін керек деп ойлайсың?

Адам бірден әріппен жазып кеткен жоқ. Алдымен адамдар суретті жазу – пиктографияны ойлап тапты. Олар бір-біріне суреттер арқылы ақпарат берді. Суреттердің көмегімен белгілі бір оқиғалар туралы баяндауды үйренді.



Жазудың авторы не туралы айтқысы келгенін түсіндіріп көр.



Парталасыңа суретті хат жаз.

Ол сенің не айтқың келгенін түсінді ме?

Адамдар суретті жазудан неге бас тартты деп ойлайсың?

Ертеде адамдар таңбалармен, сонан соң әріптермен жазуды үйренді.

Оны сазбалшық тақталарға, ағаш қабықтарына, тасқа, қағазға және басқа да заттарға жазған.



Сазбалшықтағы жазу



Қайың қабығындағы жазу



Тастағы жазу



Сазбалшыққа, қайыңның қабығына және тасқа жазылған жазуларға қарап, оларды өз оқулықтарыңмен салыстыр. Неліктен жазуды қағазға жазған қолайлы?

Біздің түркі ата-бабаларымыз өз әліпбилерін шығарған. Ол 38 таңбадан тұрған.

Өз билеушілерінің құрметіне тақтатастарға жазылған түркі жазбалары бізге дейін жетті.



Түркі билеушісі Білге қағанға қойылған ескерткіштегі жазу

Орхон-Енисей белгілері	Дыбыстатылып оқылуы	Орхон-Енисей белгілері	Дыбыстатылып оқылуы
𐰚 𐰜 𐰝	а э (е)	𐰚 𐰜 𐰝	м м'
𐰞 𐰟	и і (е)	𐰞 𐰟	н
𐰠 𐰡	о у	𐰠 𐰡 𐰢 𐰣	н'
𐰤 𐰥	ө ү	𐰤	ш (ня)
𐰦 𐰧	б	𐰦 𐰧 𐰨	қ қ'
𐰩 𐰪 𐰫	б'	𐰩 𐰪	п п'
𐰬 𐰭 𐰮	г	𐰬 𐰭	р
𐰯 𐰰 𐰱	г'	𐰯 𐰰 𐰱	р'
𐰲 𐰳 𐰴	а	𐰲 𐰳 𐰴	с
𐰵 𐰶 𐰷	а'	𐰵	с'
𐰸 𐰹 𐰺	з з'	𐰸 𐰹 𐰺	т
𐰻 𐰼	я	𐰻 𐰼 𐰽	т'
𐰿 𐱀 𐱁	я'	𐰿 𐱁	ч ч'
𐱂 𐱃 𐱄	к	𐱂 𐱃 𐱄	ш
𐱅 𐱆 𐱇	к 𐰀 к 𐰁	𐱅 𐱆 𐱇	ш'
𐱈 𐱉 𐱊	к 𐰂 к 𐰃	𐱈	м
𐱋 𐱌 𐱍	к 𐰄 к 𐰅	𐱈 𐱉 𐱊	лт, л' т'
𐱎 𐱏 𐱐	л	𐱈 𐱉 𐱊	нт, н' т'
𐱑 𐱒 𐱓	л'	𐱈 𐱉 𐱊	нч, н' ч'
		𐱈 𐱉 𐱊	рт
		𐱈 𐱉 𐱊	Амьстатылган белгілері

Ежелгі түркілердің әліпбиі



Жер бетінде алғашқы жазу 5 000 жылдай бұрын пайда болған. Алайда біз оған дейінгі болған оқиғаларды да жақсы білеміз.

Ғалымдар жазу пайда болғанға дейінгі адамдардың қалай өмір сүргенін қайдан білген? Өз ойыңды айт.



Қатені түзе.

Түркі жазбалары сазбалшық тақтайшаларына жазылды. Жер бетінде алғашқы жазу 3 000 жыл бұрын пайда болды.



Пиктографияның кейбір түрлері қазір де қолданылады. Мысалы, жол белгілері. Онда қандай суретті жазулар қолданылатынын анықта.



«Алтын адам» неліктен мемлекеттік символға айналды?



24-сабақ

Сен:

- тарихи ескерткіш деген не екенін білесің;
- «Алтын адам» туралы айтуды үйренесің.

Тірек сөз:

қорған



Сен тарихи ескерткіштер туралы не білесің?
Мысалдар келтір.

Тарихи ескерткіштерге тарихи оқиғаларға қатысты ғимараттар, ескерткіштер және жәдігерлер жатады.


Қазақстанда Есік қорғаны өте танымал. Ғалымдар ол жерден сақ ханзадасының сүйегін тапты. Оны «Алтын адам» деп атады. Ханзаданың киімі мен қаруы алтын әшекейлермен безендірілген.



Есік қорғаны

Ханзаданың басында ұзынша келген баскиімі бар. Қамзолы мен етігі ұсақ алтын әшекейлермен өрнектеліп, былғарыдан тігілген. Жанына қылышы мен қанжары қоса жерленген.

Әшекей бұйымдарда ілбіс, арқар, жылқы мен құс бейнеленген. Сақтар қару мен киімдегі аң-құстардың бейнесі жауынгерді жаудан қорғайды деп сенген.



«Алтын адам» қазақ халқының азаттық және еркіндік символына айналды. «Алтын адам»

«Алтын адам» туралы аңыз бар. Үлкендердің көмегімен қосымша ақпараттан тауып оқы.



Экскурсия жетекшісі – экскурсия жүргізудің шебері. Ол – тарих, мәдениет және географияны жақсы меңгерген маман. Адамдармен тіл табыса біледі. Қызықты әңгімелер айтып, тыңдаушысын ұйыта алады.



Сені мұражайдың экскурсия жетекшісі дейік. Оқулықтағы сурет бойынша «Алтын адамның» киімі мен қаруын сипаттап айт.



«Алтын адамның» жанынан күміс табақ табылған. Оның түбінде 26 таңба бар. Бірақ ол әлі оқылған жоқ.



Сақ зергері «Алтын адамның» киімі мен қаруын неліктен аң мен құстың бейнелерімен безендірді деп ойлайсың?

Мен не үйрендім, не білдім?



25-сабақ

1. Тірек сөздерді пайдаланып, ежелгі адамдардың немен айналысқаны туралы әңгіме құра.

Тірек сөздер: жылы климат, шапқы, аң аулау, терімшілік, зілдер.

2. Суретке қара. Томирис патшайымның бейнесін ауызша сипаттап айт.



3. Туризм мақсаттарын суреттермен сәйкестендір.



Демалыс

Спортпен айналысу



Жаңаны танып-білу

Сауықтыру



4. Қайда саяхатқа шығуға болатыны туралы досыңа кеңес бер. Сен оған бұл жерге неліктен баруды ұсынатыныңды түсіндір.

5. Суреттерге қара. Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан көрнекті орындарды анықта және оларды ата.



6. Жұбыңмен жарыс-ойынын өткіз. Тәуелсіз мемлекеттің белгілерін кім көп біледі?

7. Әлем елтаңбаларының ішінен Қазақстан Республикасының Елтаңбасын тап. Оны қандай белгілеріне қарап анықтағаныңды айт.



8. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Тәуелсіз мемлекет дегенді қалай түсіндің?
- 2) «Аң бейнесінде» жасалған бұйымдарда қандай аңдар берілген?
- 3) Сақтар қаруы мен киімдерін не себепті аң бейнесімен өрнектеді?
- 4) Ежелгі адамдардың алғашқы жазбасы қандай болды?

Сен «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» бөлімінен:

- қандай мемлекетті тәуелсіз деп атайтынын;
- мемлекеттік рәміздердің қандай болатынын;
- ежелгі адамдардың жазуды немен жазғанын;
- Есік қорғанынан табылған қазбаны неге «Алтын адам» деп атайтынын білдің.

Сен:

- Қазақстанның тәуелсіздігі туралы айтуды;
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін басқа елдердің рәміздерінен ажырата білуді;
- ежелгі жазуларды кескіндеуді;
- ежелгі тарихи ескерткіш «Алтын адамды» сипаттауды үйрендің.



VII. ТАҒАМ МЕН СУСЫН

Сен бұл бөлімнен:

- денсаулыққа қандай тағамдар пайдалы екенін талқылайсың;
- ежелгі адамдардың тамақтануы не себепті және қалай өзгергенін білесің;
- адамдардың неге саудамен айналысқанын анықтай аласың;
- адам ойының шексіз екенін, кейде қалаған затыңа таңдау жасау керектігін үйренесің.



Менің денсаулығым. Мен қалай тамақтанамын?



26-сабақ

Сен:

- тамақтану тәртібінің не екенін білесің;
- дұрыс тамақтану үшін азық-түлікті таңдауды үйренесің.

Тірек сөз:
тамақтану

Дұрыс тамақтану сенің денсаулығыңның жақсы болуына және бойыңның өсуіне әсер етеді.

Ол үшін азық-түліктерді дұрыс таңдай білу керек. Азық-түліктерге көгөніс, жеміс, жұмыртқа, ет, балық, дәнді дақылдар мен сүт, айран жатады. Олардан нан, сорпа, ботқа пісіріп, салаттар жасайды. Уақытымен тамақтанудың күнделікті тәртібін білген дұрыс.

Суреттерде Арманның таңғы, түскі, түстен кейінгі және кешкі ас мәзірлері бейнеленген.



Таңғы ас



Түскі ас



Түстен кейінгі ас



Кешкі ас

Арманның таңғы, түскі, түстен кейінгі және кешкі асқа не ішіп-жейтінін айтып бер.



- Кестеге қара. Қандай тағамдар денсаулыққа пайдалы? Бұл азық-түліктерден қандай тағамдар даярлайды? Дәптеріңе орында.
- Неге уақытылы тамақтану қажет? Түсіндіріп айт.

Азық-түліктер	Ағзаға қандай пайдасы бар?	Не дайындауға болады?
	Көздің көруін жақсартады.	
	Жүректің жұмысын жақсартады, тістерді қатайтады.	
	Сүйекті және тісті қатайтады.	
	Сүйекті және тісті қатайтады. Жүрек соғысын және теріні жақсартады.	

Ас мәзірі – тамақтануға арналған тағамдар мен сусындар тізімі.

Әселдің қалай тамақтанатынына назар аудар. Әселге қандай кеңес берер едің?

Таңғы ас



Түстен кейінгі ас



Түскі ас



Кешкі ас



- Сыныптастарыңмен бірге күні бойы қалай тамақтанып, қандай пайдалы тамақ жейтіндеріңді талқылаңдар.
- Бірден көп тамақ жеуге бола ма? Неге?

Тамақтану тәртібі – уақытымен тамақтанудың реті.



- Мектеп асханасының ас мәзіріне көңіл аудар. Аспаздан тағам мен сусынның пайдасы туралы сұра.
- Дұрыс тамақтану туралы ақпаратты сурет түріндегі ас мәзірін жасау арқылы көрсет.



- Тамақтанар алдында қолыңды жу!
- Көгөністер мен жемістерді жуып же!
- Асты тойып жеме!
- Тамақты бір уақытта жеп-ішуге дағдылан!
- Тамақты түрлендіріп пайдалану денсаулықты нығайтады.



27-сабақ

Тірек сөздер:
садақ, жебе

Ежелгі адамдардың өмірі қалай өзгерді?

Сен:

- ежелгі адамдардың тамақтану түрі неге және қалай өзгергенін **білетін боласың;**
- ежелгі адамның тамақ мәзірін құрастыруды **үйренесің.**



Ежелгі адамдар нені қорек еткенін есіңе түсір. Олар қалай тамақ тауып жеді?



Бастапқыда адамдар тағамдарды табиғи түрде (шикілей) қолданды. Тамақты отқа пісіріп жеуді біртіндеп үйренді. Отты пайдалану табиғат құбылыстарын түсінуге мүмкіндік берді.

Найзағай ойнағанда жай түсіп, құраған ағаштар жанды. Өрт шықты. Адамдар жанып жатқан ағаш бұтағын алып, от тұтатты. Олар отты сөніп қалмасын деп күні-түні күзетті. От сөніп қалса, адамдарға өмір сүру қиындайтын еді.

Неліктен деп ойлайсың?

Суреттен қандай табиғат құбылысын көріп отырсың? Сипаттап айт.



Сызбаға қара. Адамдардың отты пайдалана бастауы қандай мүмкіндіктер туғызды? Ойыңды айтып бер.



Адамдар от тұтатуды үйренгенше көп уақыт өтті.



Суреттерге қара. Адамдар от тұтатудың қандай әдістерін ойлап тапқанын айтып бер.



Кейіннен адамдар сазбалшықты отқа күйдіру арқылы ыдыс жасауды үйренді. Отқа күйген ыдыс берік әрі су ақпайтынын байқады. Мұндай ыдыс отқа қойып, сұйық тамақ пісіруге ыңғайлы болды.

Ғасырлар өтті. Жер бетіндегі үлкен мұздықтар еріген соң, өзендер мен көлдер пайда болды.





Бұл құрал ежелгі адамдардың тамақтануына қалай әсер етті деп ойлайсың?


Жер беті жылынғаннан кейін, зілдер қырыла бастады. Жүйрік аңдардан бұғылар мен киіктер ғана қалды. Оларды аулау аңшыларға оңайға түспеді. Сондықтан аңшылар садақ пен жебені ойлап тапты.

Суретке қара. Ежелгі адамдардың тағы нелерді аулағанын жорамалдап айт.



- 

Адамдар не үшін жаңа нәрселер ойлап тапты? Бұлар адам өміріне қандай өзгеріс әкелді?
- 

Ежелгі адамдардың тамақтану түрі қалай өзгерді? Тамақ дайындаудың қандай тәсілдері пайда болды?
- 

Ежелгі адамдардың тамақ мәзірін құрастыр. Олар жинаған жеміс-жидектер мен тамыр түйіндерін тамақ мәзіріне қосуды ұмытпа.

Адамдар үнемі сауда жасады ма?



28-сабақ

Сен:

- ақшаның қалай пайда болғанын **білетін боласың;**
- сауданың қалай шыққанын **түсіндіре аласың.**

Тірек сөздер:
тауар, ақша



Суреттерге қара. Ежелгі адамдар өздеріне қажетті заттарды өсімдіктер мен жануарлардан алды. Адамдар нені өсіріп, қандай заттар жасағанын айтып бер.



Уақыт өте келе адамдар қолдан жасаған бұйымдарын, баққан малы мен өсірген астықтарын өздеріне қажетті заттарға айырбастай бастады.




Осылайша тауар алмасу пайда болды.

Тауар – айырбасқа немесе сатуға арналған өнім.

Кей кезде тауарды тауарға қолма-қол айырбастау мүмкін болмады.

Суреттерге қарап, неге олай болғанын түсіндір.




Бұл жерде тауар айырбасы жүреді деп ойлайсың ба? Мұндай жағдайда не істеуге болады?

Қолда бар тауарды айырбастап алу үшін басқа бір тауарды табу керек болды. Ондай тауар – ақша. Халық арасында тері, тұз, мал ақша есебінде жүрді. Содан кейін адамдар ақша ретінде алтын, күміс құймаларын қолданды.



Неліктен алтын мен күміс ұзақ уақыт бойы ақша ретінде қолданылды?



Сызба бойынша сауданың, тауарларды сату мен сатып алудың қалай жүргенін түсіндір.

Кейіннен адамдар тауар сатып алу үшін қағаз ақшалар мен темір бақырлар қолдана бастады. Қазір қағаз ақшалармен қатар, электронды ақшалар да пайдаланылады.

Темір ақшалармен салыстырғанда қағаз ақша мен электронды ақшалардың қандай артықшылығы бар?





29-сабақ

Біздің қажеттіліктеріміз бен мүмкіндіктеріміз

Тірек сөздер:
қажеттілік,
ресурстар

Сен:

- қажеттілік дегеннің не екенін **білесің;**
- қалағаныңның барлығы жүзеге асатын-аспайтынын **анықтай аласың.**



Әр адамға күн сайын аса қажетті, онсыз еш нәрсе жасай алмайтын заттар көп. Оларды ата.

Қажеттілік – бір нәрсеге мұқтаждық, зәрулік.

Адамдарға тамақ, киім, аяқкиім, тұрғын үй және тағы басқа заттар аса қажет.



Суреттердегі тұтынатын заттарды ата. Олардың тұрмыста не үшін қажет екенін зертте.





Адамдар қажетті заттарды сатып алу үшін қаржыны қайдан алады? Оны отбасыңдағы үлкендерден сұрап біліп ал.



Сенің алдыңнан сиқыршы шыға келді дейік. Ол сенің кез келген тілегіңді орындамақшы. Өзіңе қажетті (өзің қалайтын) 10 затты жаз.

Сен адамның қажеттілігінде шек жоқ екенін білдің. Алайда ресурстар шектеулі.

Ресурстар – ақшалай қаржы, қорлар, құндылықтар.

Бізде нені сатып алу керек, нені сатып алмау керек деген таңдау жиі туындайды.



Мына заттардың бәрін сатып алу үшін баланың ақшасы жете ме? Неге олай ойлайтыныңды түсіндір.



Сатып алатын затты таңдауға байланысты өмірде кездесетін жағдайды достарыңмен бірге ойын түрінде көрсет.



Барлық ресурс шектеулі. Сенде қалаған затыңның бәрі болуы мүмкін емес!

Сен «Тағам мен сусын» бөлімінен:

- денсаулыққа қандай тағамдардың пайдалы екенін;
- ежелгі адамдардың тамақтануы не себепті және қалай өзгергенін;
- ақшаның қалай пайда болғанын;
- адамдардың неліктен саудамен айналысқанын;
- адам ойының шексіз екенін, сатып алмас бұрын таңдау жасау керектігін білдің.

Сен:

- дұрыс тамақтанудың мәзірін жасауды;
- ежелгі адамның ас мәзірін жасауды;
- сауданың: тауарды сату мен сатып алудың қалай жүретінін үйрендің.



Мен не үйрендім, не білдім?

1. Сөзжұмбақты шеш.


1) Бұл заттан күйдіріп ыдыс жасайды.

2) Сіркіреп жауған жауынды күні байқалатын табиғат құбылысы.

3) Шырынды жеміс.

4) Түнде – қараңғы, күндіз – ?

5) Су қатынасына қолданатын қарапайым көлік.



2. Ребусты шеш. Ребустың шешуін түсіндір.



3. «Есептейік» айдары

Қолыңда 100 теңге бар. Саған 2 дәптер мен қалам сатып алу керек. Бір дәптер 20 теңге, қалам 50 теңге тұрады. Қолыңда қанша ақша қалады? Оған тағы не сатып ала аласың?

VIII. ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Сен бұл бөлімнен:

- гигиена дегеннің не екенін білетін боласың;
- денсаулықты күту үшін қандай ережелерді сақтау керектігін білесің;
- үйде қауіпсіздікті қалай сақтау керектігін және қандай жағдайда шұғыл көмек көрсететін қызметтерге хабарласу қажеттігін анықтайсың;
- табиғатта серуендегенде сақталатын қауіпсіздік ережесін құрастыруды үйренесің.



Менің денсаулығым. Жекебасымның гигиенасы



30-сабақ

Сен:

- гигиена деген не екенін **білетін бола-сың;**
- жекебас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын **үйренесің.**

Тірек сөз:
гигиена

Сен мектепте оқисың. Бір жерің ауырса, дәрігерге қараласың. Бұл – адам денсаулығын күтудің бір ғана жолы.



Суреттерге қара. Бұл заттардың қайсысы денені таза ұстауға, ағзаңды шынықтыруға көмектеседі?




Гигиена ережесін сақтамаса не болатынын болжап айт.



«Гигиена» деген сөздің мағынасын сөздіктен біліп ал.

Кейде дені сау адам науқас адамнан ауру жұқтырып алады. Оның қалай болатынын айтып бер.



Адам өз денсаулығын күтпегенінен ауру пайда болады.

Өз ағзаңды аурудан қалай қорғау керек?

Суретке қарап, түрлі аурулардың қайдан пайда болатыны туралы әңгіме құра.



АУРУ ҚАЙДАН ТАРАЙДЫ?



- Арнайы тазартылған немесе қайнаған су іш.
- Бөлмеңді желдетіп отыр.
- Жуылған көгөністер мен жемістерді же.
- Үйіңді жәндіктерден қорға.
- Жекебасыңның гигиенасын сақта.

Үйде қандай қауіп-қатерлер орын алуы мүмкін?



31-сабақ

Сен:

- үйде өз қауіпсіздігіңді қалай сақтау керек екендігін **білетін боласың;**
- шұғыл көмек көрсететін қызметтерге қалай хабарласу қажеттігін **үйренесің.**

Тірек сөз:
қауіпсіздік



Суреттерге қара. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Әр үйде өте қажетті заттар болады. Олар: тұрмыстық заттар, ыдыс-аяқ, жиһаз және басқалар. Тұрмыстық заттар адам қажетін өтеп, еңбегін жеңілдетеді. Алайда зияны тимес үшін әрі қауіпсіздік үшін оларды дұрыс қолдана білу керек.



- Суреттегі заттардың адамға қандай пайдасы бар?
- Оның ішінде қайсылары қауіпті болуы мүмкін?

Үйдегі заттардың қаншалықты қауіпті екенін білу үшін оларды қолданудың ережелерін жасайық.



Суреттен үшкір және өткір заттарды тауып, ата. Оларды дұрыс қолдана білудің ережесін ойлап тап.



Үйдегі дәрі-дәрмекке арналған қобдишада дәрі көп. Үйді тазалайтын түрлі тұрмыстық құралдар мен жәндіктерді улауға арналған дәрілерді қайда сақтаған жөн?



- Дәрінің дәмін татып көруге бола ма?
- Тұрмысқа қажетті химиялық заттың қақпағын ашуға бола ма? Неліктен?



- Суретте қандай электр құралы бейнеленген?
- Оның қандай пайдасы бар?
- Электр құралдарының адамға келтіретін қаупі де бар. Дұрыс пайдаланбаған жағдайда ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін. Сурет бойынша әңгіме құра.



Тыйым салатын белгілерге қарап, олардың нені білдіретінін түсіндір.





Бұл ережелерді не үшін сақтау қажеттігін түсіндір.

Бейтаныс адамға жолама!

Бейтаныс адамға есік ашпа!

Бейтаныс адаммен сөйлеспе!

Бейтаныс адаммен бірге ешқайда барма!

Бейтаныс адаммен жеделсатыға бірге кірме!



Шұғыл көмек көрсететін қызметтердің хабарласу телефондарын есіңе сақта!



101

– өрт сөндіру қызметі



102

– полиция



103

– жедел жәрдем



104

– газ қызметі



112

– құтқару қызметі



32-сабақ

Тірек сөз:
іс-әрекет ережесі

Табиғат аясында өзіңді қалай ұстау керек?

Сен:

- табиғат аясы неліктен «Жасыл үй» деп аталатынын **білетін боласың**;
- табиғат аясында серуендегенде сақталатын қауіпсіздік ережесін құрастыруды **үйренесің**.



Табиғат бізге не береді?

Табиғат аясы – біздің өмір сүріп жатқан «Жасыл үйіміз». Жазғы демалыста серуенге шығамыз. Біз құстар, жан-жануарлар мекендейтін әлемге енеміз. Олар жасыл ағаштар мен алуан түрлі өсімдіктердің аясында өмір сүреді.

«Жасыл үйде» өзімізді дұрыс ұстау ережесін құрастырайық.

Бұл – басты әрі негізгі ереже!

Парталасыңмен бірге серуен кезінде қалған қалдықтарды не істеу керек екенін талқыла. Шешімдеріңді сыныпта айтыңдар.



Суреттерге қара (97-бетте). Орманда жүргенде істеуге болмайтын, «болмайды» деген сөзбен аяқталатын 5 қауіпсіздік ережесін құрастыр.



Суреттерге қара. Кімнің әрекеті дұрыс? Кімнің әрекеті дұрыс емес? Неліктен екенін түсіндір.



Парталасыңмен бірге табиғат аясында не істеу керектігін талқыла.

Ата-бабамыздың табиғатты аялағанын есіңнен шығарма. Олар өздерін Жер-ананың баласымыз деп санаған. Сондай-ақ табиғатпен үйлесімде өмір сүруге тырысқан. Табиғатқа зиян келтіретін әрекеттерге жол бермеген.

Жер – біздің ортақ үйіміз. Жер шарын қорғайық!



Табиғатқа шыққанда тіршілік иелеріне қамқорлық жасауды ұмытпа!



33-сабақ

Мен не үйрендім, не білдім?

1. Суреттерге қара. Пайдалы тағамға жататын азық-түлікті ата. Ағзаға зиянды қандай тағамдарды көріп тұрсың?



2. Жұптық жұмыс. Мақал-мәтелді оқып, түсінгеніңді досыңа айтып бер.

- Қанағат қарын тойғызар.
- Өзі тойса да, көзі тоймас.
- Керек тастың ауырлығы жоқ.

3. Суреттерге қара. Жекебас гигиенасы ережесін құрастыр.





4. Тірек сөздерді қолданып, ежелгі адамдар өміріндегі өзгерістер туралы әңгіме құра.

Тірек сөздер: от, алау, сазбалшықтан жасалған ыдыс, садақ пен жебе, сал және қайық.

5. Әлем елдері валюталарының арасынан Қазақстан Республикасының ақшасын тап. Оны қандай белгілеріне қарап ажыратқаныңды айт.



6. Жұптық жұмыс. Мына белгілер нені білдіретінін сыныптасыңа түсіндір.



Сен «Дені саудың – жаны сау» бөлімінен:

- жекебас гигиенасын сақтаудың маңызды екенін;
- үйдегі өз қауіпсіздігіңді қалай сақтау жолдарын;
- табиғатқа қамқорлықпен қараудың қажеттілігін білдің.

Сен:

- жекебас гигиенасын сақтай білсең, денсаулығың да мықты болатынын;
- тұрмыстық заттарды қолдану қауіпсіздігін;
- табиғат аясында өзін-өзі ұстау тәртібін жазуды үйрендің.



Тест тапсырмалары

1. Әр оқушы білуі қажет:

- а) мұқият бақылауды, зейін қойып тыңдауды, есте сақтауды үйрену;
- ә) ережені ұстануды үйрену;
- б) жақсы оқу.

2. Күн тәртібінің реті:

- а) еңбек, демалыс және тамақтану;
- ә) демалыс және еңбек;
- б) дұрыс құрылған демалыс және еңбек.

3. Мыналардың қайсысына қамқор бола аласың:

- а) адамдар мен жануарларға;
- ә) адамдарға, жануарларға және заттар мен мүліктерге;
- б) жануарларға және заттарға.

4. Мектепте жұмыс істейтін адамдардың мамандықтарыын көрсет:

- а) мұғалім, аспаз, кітапханашы, дәрігер;
- ә) мұғалім, теңізші, геолог;
- б) дәрігер, инженер, аспаз, заңгер.

5. Мектептегі және қоғамдық ортадағы әдептілік ережесі:

- а) қатты сөйлеу;
- ә) қажет болғанда орнынан тұру;
- б) айналадағы адамдарға кедергі келтірмеу.

6. «Жаяу жүргіншілер өткелі» белгісін көрсет:



А



Ә



Б

7. Айналаңдағы көзге көрінетін аспан мен жердің түйіскен жері ... деп аталады:

- а) көкжиек;
- ә) солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс;
- б) жергілікті нышандар.

8. Тұсбағдарды қажет ететін мамандықты белгіле.

- а) мұғалім;
- ә) дәрігер;
- б) теңізші.

9. Ауа райын болжау үшін:

- а) бұлттарды, желді бақылау керек;
- ә) жауын-шашынды, ауа температурасын бақылау керек;
- б) барлық жауап дұрыс.

10. Тұрғынжайды, киім мен дене тазалығын ұстау ... деп аталады.

- а) гигиена;
- ә) тәртіп;
- б) денсаулық ережесі.

11. Адамның алғашқы еңбек құралы қалай аталады?

- а) балта;
- ә) шапқы;
- б) қырғыш.

12. Сақ патшайымы:

- а) Зарина;
- ә) Сара;
- б) Томирис.

13. Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан ғимарат:

- а) Ханшатыр;
- ә) Көктөбе;
- б) Медеу.

14. Халық арасында тері, тұз, мал ... есебінде жүреді.

- а) тауар;
- ә) ақша;
- б) көпес.

15. Жедел жәрдемге қай нөмір арқылы хабарласуға болады?

- а) 101;
- ә) 102;
- б) 103.

16. Мемлекеттің графикалық символы:

- а) Ту;
- ә) Елтаңба;
- б) Гимн.

17. Ежелгі жазу үлгісі:

- а) пиктография;
- ә) палеография;
- б) петроглиф.

18. Мәтінді оқы: «Адамдар сазбалшықты отқа күйдіру арқылы ыдыс жасауды үйренді. Мұндай ыдыс отқа қойып, сұйық тамақ пісіруге ыңғайлы болды». Не туралы айтылған?

- а) киім;
- ә) от;
- б) керамика.

19. Денсаулыққа пайдалы тағамдарды көрсет:

- а) газдалған сусындар;
- ә) сүт, жұмыртқа, көгөністер;
- б) қытырлақ картоп.

20. Жабайы аңдар мен құстарды аулау, адамдардың ежелгі ... кәсібі.

- а) терімшілік;
- ә) қолөнер;
- б) аңшылық.

ГЛОССАРИЙ

Ақпарат – қоршаған әлем туралы мәлімет.

Ақша – төлем құны ретінде жүретін металл (темір) және құнды қағаздар.

Аңшылық – адамның ежелгі кәсібі, жабайы аңдар мен құстарды аулау.

Арқар – Орталық Азияның таулы аймақтарында мекендейтін жабайы жануар.

Ас мәзірі – тамақтануға арналған тағамдар мен сусындардың тізімі.

Астана – мемлекеттің бас қаласы.

Ата-баба – әкелік тек тұрғысынан алғандағы арғы аталары.

Ауыл – шағын елді мекен.

Бағдарлау – өзінің тұрған жерін анықтау.

Бос уақыт – адамның қолы бос кезі.

Білге қаған – адам есімі, түркі билеушісі.

Валюта – мемлекеттің ақша бірлігі.

Гигиена – денені, киімді, тұрғын үйді таза ұстау.

Гимн – мемлекеттік рәміз.

Денсаулық – адам ағзасының өз қызметін дұрыс атқаруы.

Денсаулықты шынықтыру – түрлі ауруға қарсы тұру қабілетін көтеруге арналған шаралар жүйесі.

Елтаңба – мемлекеттік рәміз.

Ереже – адамның іс-әрекеті туралы нұсқаулық талаптар немесе ұсыныстар.

Жазу, жазба – шартты графикалық белгілер көмегімен ақпарат беру тәсілі.

Жаяужол (тротуар) – жаяу жүргіншілерге арналған жол.

Жебе – садақтың оғы.

Карта – Жер шарының белгілі бір масштабпен қағаз бетіне түсірілген кескіні.

Конституция – мемлекеттің негізгі Ата Заңы.

Көкжиек – айналаңдағы көзге көрінетін аспан мен жердің түйіскен жері.

Көшпелі – көшіп-қонып жүретін халық (ауыл, бұлт).

Күн тәртібі – еңбек, демалыс және тамақтану уақытының реті.

Қажеттілік – адам өмірі мен дамуына керекті зәрулік.

Қала – ірі елді мекен.

Қамқорлық – көмек беру, қайырымдылық таныту.

Қауіпсіздік – жеке адам, қоғам, мемлекет мүдделерінің түрлі қатерден қорғалуы.

Қорған – ежелгі қабірлердің топырақ немесе тас үйіндісі.

Қоршаған орта – адамның өмір сүріп жатқан ортасы; табиғат, адамдар мен жан-жануар, өсімдік дүниесі.

Құтқару қызметі – кәсіби тұрғыда көрсетілетін шаралар жүйесі.

Мамандық – белгілі бір кәсіптің түрі.

Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің арнайы ерекше белгілері.

Отбасы – туысқан, жақын адамдардың бірге өмір сүретін ортасы.

Өнер – қоршаған әлемді көркем образдармен бейнелейтін шығармашылық.

Пиктография – ежелгі жазбаның суретті түрі.

Ресурстар – ақшалай қаржы, құнды заттар, қорлар, ақпарат көздері, кірістер (мысалы, табиғи ресурстар).

Садақ – жебе атуға арналған қару.

Сақтар – ерте заманда Қазақстанның аумағында өмір сүрген көшпелі тайпа.

Сауда – тауар, қызмет, құнды зат, ақша айырбасы.

Саяхат – көріп-білу, тану үшін спорттық және тағы басқа да мақсатта белгілі бір жерге сапарға шығу.

Символ – қандай да бір бейненің немесе нышанның ерекше белгісі; белгілі бір идеяның жүзеге асуы.

Тамақтану тәртібі – тамақтану уақыты, тамақтану уақытының аралығы.

Тарих – болып өткен оқиғаларды зерттейтін ғылым.

Тауар – басқа затқа еркін ауыстыра алатын кез келген зат.

Тәртіп – білім алуда, еңбек етуде, ойын ойнағанда сақталатын белгілі бір ережелердің реті. Ол мектепте, үйде, қоғамдық орындарда да бар ережелер.

Тәуелсіздік – халықтың, мемлекеттің немесе елдің дербес болуы.

Терімшілік – ежелгі адамның кәсібі, дайын тағамдарды: жабайы өскен тамырларды, жеміс-жидектерді т.б. теріп жинау.

Ту – мемлекеттік рәміз.

Туған өлке – адамның туып-өскен жері.

Туризм – адамдардың басқа елдерге немесе белгілі бір жерлерге саяхаттап баруы.

Ұжым – бірге білім алатын және еңбек ететін немесе ойлары мен мүдделері бір адамдар тобы.

Шайқас – соғыс, майдан шебіндегі ұрыс.

Шапқы – ежелгі адамның тас құралы.

Экскурсия – тарихи орындарға, мұражайға ұжыммен барып тамашалау.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Артықбаев Ж.О., Прманов Ә.* Қазақстан тарихы (ғылыми-әдеби басылым). Алматы: Атамұра, 2013.
2. *Веровочкин Н.* Родина мамонтов. Алматы: Атамұра, 2016.
3. *Веркина А.* Времена года. М., 2019.
4. *Гаврюшин М.* Физическое развитие детей и подростков школьного возраста. Самара, 2018.
5. *Епифанова О.* Детям про гигиену. В погоне за вредными микробами. М.: Эксмо, 2019.
6. *Жұмаханов Т.* Ежелгі Қазақстан. Алматы: Аруна, 2013.
7. *Жұмаханов Т.* Қазақ хандығы. Алматы: Аруна, 2013.
8. Сен білесің бе? Энциклопедия. Алматы: Аруна, 2017.
9. *Иващенко А., Белялов О.* Қазақстан гүлдері. Фотоальбом. – Алматы: Атамұра, 2012.
10. *Ильин М.* Сто тысяч почему. Рассказы о вещах. М.: Русское слово, 2016.
11. Балаларға арналған дүниежүзі картасы. Алматы: Аруна, 2015.
12. *Кенжеахметұлы С.* Жеті қазына. Алматы: Ана тілі, 2015.
13. *Кенжеахметұлы С.* Қазақтың салт-дәстүрі (орыс және ағылшын тілінде). Алматы: Атамұра, 2015.
14. Қазақстан мәдениеті. Алматы: Аруна, 2007.
15. *Көмеков Б.* Шығыстың ұлы ғалымдары. Алматы: Аруна, 2007.
16. *Құнанбаев А.* Жыл мезгілдері. Алматы, 2017.
17. Правила дорожного движения для детей: сборник/ сост. Е. Позина. М.: Стрекоза, 2014.
18. *Сегізбайұлы К.* Қазақтың ұлттық тағамдары. Қазақ дастарқанының салты. Алматы: Атамұра, 2011.

19. *Слэмбекова Н.* Қазақстанның табиғат ғажайыптары. Алматы: Аруна, 2008.

20. *Шалаева Г.* Тәрбиелі балаларға арналған жол жүру ережелері. М.: Малыш, 2009.

21. Бабадан қалған байлығым. Қазақ мақал-мәтелдері/ құрастырған *К. Сегізбайұлы.* – Алматы: «Атамұра», 2014. – 408 б.

<http://bilimainasy.kz>

<http://mirznanii.com>

<http://sacralkazakhstan.kz//> Қазақстанның ұлттық қазыналары

<http://sacredplaces.kz//> Киелі Қазақстан

<http://tarih.spring.kz/ru/>

<http://www.csmrk.kz/index.php/mnu-exposition/mnu-virtual-obzor> Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайы

<http://www.tarih-begalinka.kz>

<http://www.tarih-begalinka.kz/>

<http://www.world-globe.ru>

<https://childdevelop.ru/articles/upbring/2486/> Балаларға отбасының маңызы мен рөлі туралы әңгімелейміз

https://detskiychas.ru/tag/rasskazy_o_shkole/ Балаларға мектеп туралы.

Бала уақыты

<https://e-history.kz/ru/>

https://go.mail.ru/search_video

<https://ru.wikipedia.org>

<https://www.tarikh.kz/>

www.kazedu.kz

www.syl.ru/article

Оқу басылымы

Тұрмашева Ботагөз Қадырқызы
Салиш Салтанат Салишқызы
Мирук Татьяна Николаевна

ДҮНИЕТАНУ

Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *К. Ысқақова*
Көркемдеуші редакторы *А. Бекқожанова*
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*
Корректоры *Е. Амангелді*
Компьютерде беттегендер *А. Айтжанов, С. Төлегенова*

ИБ № 014

Теруге 25.02.2021 берілді. Басуға 18.06.2021 қол қойылды. Пішімі 70x100^{1/16}.
Офсеттік басылыс. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 9,71. Есептік баспа табағы 4,72.
Таралымы 187 000 дана. Тапсырыс № 5904.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, Қазақстан Республикасы,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

